

№ F00049 11.10.2021 ж

**Мектеп жасына дейінгі балалардың  
ой-өрісін дидактикалық ойын арқылы дамыту**

**ТУРСУНОВА ШЕКЕРГУЛ САГДУЛЛАЕВНА**

*Шымкент қаласы. Абай ауданы*

*№ 133 жалпы орта білім беретін мектебінің  
мектепалды даярлық сыныбы мұғалімі*

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы.

Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек. Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес.

Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «**Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады**».

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады.

Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі.

Бір дегенім – білеу,

Екі дегенім – егеу,

Үш дегенім – үкі,

Төрт дегенім – төсек, т.б.

Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян, Қорқақ кім? (қоян)
2. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... (шымшық)
3. Бата алмас түлкі, Үсті тікен .... (кірпі)
4. Өңеші кең таңдайын, Дәнге тосты ... (комбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Сабақта балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

**Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һам күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»** деген екен.

Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

## Балаларды мектепке даярлауда мнемотехника әдісінің ерекшелігі

**КАЙРКЕНОВА ЖАЗИРА ТАУБАЕВНА**  
*СҚО, Ақжар ауданы. Бестерек орта мектебі*  
*Мектепалды дайындық сыныбының мұғалімі*

Мнемоника (гр. mnematik - есте сақтау өнері) - табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы.

Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше затарқылы, солардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы, садаққа—соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында таңбалы тастар көп, солардың бетіндегі қолына найза, садақ ұстаған адамдар мен әртүрлі аң суреттері ерте замандағы аң аулау көрінісін еске түсіреген мнемоникалық таңбалар болып табылады.

Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады.

Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектінің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Мектепке дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды.

Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады.

Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз».

Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі. Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Әсіресе 6-7 жастағы балалардың тілдің дамуында ерекше маңызы бар. Балаларда танымдық белсенділік арттылады.

Баланың тілін дамыту үшін 6-7 жастағы балалар шағын әңгіме құрастырады, өлеңдер, алогоритмикалық жаттығулар жаттайды. Әңгіме сипаттағанда, өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттағанда сызбалар қолданған қолайлы. Мнемотехникалық әдістің міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс ай тылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы.

Ересек топтан бастап балаларда қоршаған әлем туралы түсініктер бар болғанда, таңбалы рәміздерді құрастыруға өздеріне жасауға болады. Бала өзі таңба жасайды, одан кейін мұғалім сәйкес келетін рәмізді таңдап алады.

Заттардың белгілері мен күйін (көңілді, ызалы, аянышты, т.б), іс - әрекетті білдіретін таңбалы рәміздерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен ойнау және эмоциялы-ымдық деңгейде әрекетті көрсету қажет.

Әңгіме, өлең, логоритмикалық жаттаулар жаттағанда әрбір дыбысталатын сөзді алмастыруға болады.

Кейбір кезде рәміздік бір сызда толық сөйлемді суретте көрсетуге болады. Егер де біз кейбір сөздерге балалардың ерекше назарын аударатын болсақ (мысалы, іс-әрекетін білдіретін сөздер), оларды жеке сызда көрсеткен жөн. Өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттауда ондағы бірнеше рет қайталанып келетін сөз тіркестерін сөздерді рәміздермен алмастырудың қажеті жоқ. Мемлекеттік стандартына сай әңгіме құрастыру, жаттау айына 2-3 рет. 5-6 жастағы балалар әңгіме құрастырғанда 3-5 сөйлем, ал 6-7 жастағы балалар 5-7 сөйлем құрастыру қажет.

Сызба – схемалар тақырыптарға байланысты үйренген жеке сөздермен сөйлем құрастыруға, сөйлемдермен әңгіме құрастыруға таптырмайтын қазына. Сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді. Әсіресе отбасы тақырыбына арналған сызбаны әр сабақта қолдануға болады. Бұл сызбаға қарап, балалар отбасы мүшелерінің атауын тез есте сақтауға, адамдардың әрекеттерін әңгімелеуге үйренеді.

Жеміс-көкөністерге арналған сызба бойынша балалар олардың түрін, түсін, дәмін, қайда өсетінін сипаттап бере алады. Мысалы, алманы сипаттау: алманың түсі қызыл, пішіні – домалақ, дәмі – тәтті. Ол ағашта өседі, жеміс. Біз оны жейміз. Ойыншықтарға арналған сызба бойынша балалар олардың түсін, пішінін, мөлшерін атап беруге үйренеді.

Міне, осылай әрбір жаңа тақырып бойынша сызбалар қолдануға болады. Мұғалім өз балаларының қабылдау қабілетін, жас шамасын ескере отырып, сызбаны өзі жасап алуына да болады.

Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алогоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі.

Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызда көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Балалармен бірге қайталағанда педагог интонацияға, дикцияға, дем алуына назар аударады.

Өлеңді оқып болғаннан кейін міндетті түрде әңгіме өткізіледі:

- аударма жұмысын өткізу;
- мұғалімнің сұрақтары;
- суреттер қарау;
- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызу, қайталату;
- сызбалар арқылы жаттау;

Балаларға өлеңді есінде сақтау үшін, мұғалімге келесі әдістерді қолдануға болады:

- бірінші жолды топпен қайталау және 3-4 балаға бір-бірден қайталатқызу;
- фонетикалық жаттығу орындау; әсіресе мәнерлеп оқуға талап ететін сөзді, жолды балаларға қайталату.

Алгоритмикалық жаттығулар танымдық процестердің, есте сақтау, зейін, қозғалыс дағдылардың, дыбыстардың айтылуының, сөйлеу функционалды жүйесінің және барлық сөйлеу құрамының дамуына бағытталған. Ұсынған жаттығулар сипаттау сызбалар арқылы жатталады, содан кейін мұғаліммен бірге айтылады және әр түрлі қимылмен көрсетіледі. Логоритмикалық жаттығуларды орындағанда, балалар мұғаліммен бірге ортада тұрған жөн, сонда балаларға мұғалімді көруге, қозғалуға және сөйлеу материалын орындауға мүмкіндік бар.

Алгоритмикалық жаттығуларды өткізуде балалар спецификалық дыбыстардың дұрыс айтуын жаттығады, дауыстың ырғағы дамиды, сонымен қатар ымның, қозғалыстың дағдылары, жалпы және ұсақ моториканың нақтылығы мен үйлестіруі дамиды.

Мектепалды даярлық бағдарламаның базалық минимумда 6-7 жастағы балаларды оқытуда мынадай талаптар қойылған.

Балабақша, балабақша қызметкерлер туралы әңгіме құрастыру білу.

Сенің атың кім? Кім? Не істеді? сұрақтарына жауап беруді білу. Ойыншықтардың атауын, түсін, пішінін айта білу. Адамның дене мүшелерін атау және таныс сөздерді сөйлемде қолдану. Сонымен қатар отбасы мүшелерін, киім, аяқ-киім атауын айта білу. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін дамыту және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Байланысты сөз ойға мағына беріп, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара түсінуін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қызметі ойдың дамуымен қатар өрбиді. Дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу коммуникативтік біліктілікті, тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) және тілдік емес (ым, мимика, қалып, көзқарас, іс-қимыл) құралдардың көмегімен айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауды реттеу қабілетін дамытуға бағытталған. Тілді дамытуда өз қатарларымен сөйлесе білудің маңызы ерекше.

Жалпы міндет:

- тілді дамыту танымдық және ойын қызметінің негізі іспеттес;

Негізгі міндеттер:

Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру;

- қарапайым диалогтық және монологтық сөйлеуді қалыптастыру;

- қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

- сөздік қорды толықтыру және жандандыру.

Мнемотехника әдісін қолдану өз нәтижелерін де берді.

Балалармен бағдарламалық материалды меңгеру бойынша 1 және 2 жартыжылдыққа арналған педагогикалық диагностика материалы жасалынып шығарылды.

Деңгей бойынша меңгерудің бағасының жүйесі талданып шығарылды

1 деңгей–бала педагогтың үлгісі бойынша іс-әрекетті елестетеді

2 деңгей – не істегенін түсінеді; белгілі білім қоры бар

3 деңгей- білгенін және не істей білетінін өз бетімен қолданады, шығармашылық және дәстүрлі емес жағдайларда.

Нәтижелер:

Кіретін нәтижелерді (қазан айында өткізіледі) қорытынды(сәуір айында өтіледі)

Балаларды оқытуда, ұсынылған әдістемелік материал мектепке дейінгі мекемелердің практиктеріне перспективтік технологиясын

(мнемотехникалық әдіс) терең танысуға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік– білімдік процесіне шығармашылық бағыт арқылы жеткізіледі.

Жұмыс нәтижесі бойынша кәсіби байқаулар өз жемісін береді.

№ F00052 11.10.2021 ж

**Етістік**

**КАРАБЕКОВА ЛАЗИЗА УСЕРБАЕВНА**

*Шымкент қаласы, Алпамыс батыр атындағы  
№ 40 мектеп- гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*


**Қысқа мерзімді жоспар**

Мектеп:		
Пәні	Қазақ тілі	
Сабақ тақырыбы:	Етістік	
Күні	Мұғалімнің есімі:	
Сынып: 2	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Бөлім	1.АЙТЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЫНДАЛЫМ	
Бөлімше	1.4. Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	2.1.4.1.Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	
Ортақ тақырып	Қоршаған орта	
Сабақ мақсаттары:	<p>Барлық оқушылар: тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: тірек сөздердегі, әңгімедегі етістіктердің маңызын түсінеді.</p> <p>Кейбір оқушылар: әңгіме құрауда етістік не үшін қажет екенін түсінеді, дәлелдеулер жасайды.</p>	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	<p>Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.</p> <p>Тірек сөздердегі, әңгімедегі етістіктердің маңызын түсінеді.</p> <p>Әңгіме құрауда етістік не үшін қажет екенін түсінеді, дәлелдеулер жасайды.</p>	
Тілдік мақсаттар	Терминология: етістік- глагол- ver былғары- кожа – leather	
	Сөз тіркестері: шуақты көктем	







Тілдік дағды	<p>Айтылым, тыңдалым: Сурет бойынша өз беттерімен әңгіме құрап жазу дағдылары артады, тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді</p> <p>Оқылым: таныс сөздерге, фразаларға және сөйлемдерге сүйенумен қажетті/нақты мәтіннің бөліктерін таңдау және түсіну дағдылары артады</p> <p>Жазылым: түрлі байланыстырушы сөздерді қолдану арқылы мәтіндегі сөйлемдерді дұрыс байланыстырады</p>
Құндылықтарды дарыту	Шығармашылық сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілік
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, әдебиеттік оқу.
АКТ қолдану дағдылары Ресурстар	Интербелсенді тақта
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Не істеді? Не қылды? Қайтті? сұрақтарына жауап беретін сөздер

Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 минут	<p><b>1. Психологиялық ахуал</b> Қызыл, жасыл, сары, көк, Алуан, алуан жапырақ. Күзгі бақта құлпырып, Көз тартады атырап! 2. Топқа бөліну. 1-топ: «Жасыл жапырақ» 2-топ: «Сары жапырақ» 3-топ: «Қызғылт жапырақ» <b>Ойын «Сиқырлы қоржын»</b> (Қоржындағы сөйлемдерді іштей оқып, қарсы топқа іс-әрекетпен көрсетеді. Келесі топтың оқушылары сол қимылды тауып, сөйлеммен айтады.) <b>Мысалы:</b> 1 топ: Айгерім айнаға қарап шашын тарады.</p>	

	<p>2 топ: Асан орақпен шөп орды.                  3 топ: Гүлнұр сыпырғышпен бөлмені сыпырды.                  -Балалар немен айналысуда?                  -Қандай іс әрекеттер жасалуда?                  -Іс әрекеттерге байланысты сөздерге қандай сұрақ қоюға болады?                  -Тағы қандай іс әрекетке байланысты сөздерді білесіздер?                  Ендеше, біздің оқу мақсатымыз, тақырыпқа әңгіме құрай отырып, ішінен іс-әрекетке байланысты сөздерді үйренеміз.</p>	
<p>Ортасы 30-35 минут</p>	<p><b>1-тапсырма.</b> о/м. 2.1.4.1.                  Ұжымдық «Суретті әңгімеле»  <b>Тілдік дағды:</b> тыңдалым, айтылым, оқылым  <b>Ойлау деңгейі:</b> білу.                  Барлық оқушылар: Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.                  Мәтін «Көктем»                  Білім алушы «суретті әңгімеле» әдісі арқылы тірек сөздерден мәтін құрастырады. Қимылды білдіретін сөздерді табады, сұрақ қояды.                  Тірек сөздер: Шуақты, жас шыбықтар, күн, қопсытып, ұя, балалар, көгерді, аспан, көңілді, құстар, туған жер, қарсы алды.</p>  <p>-Суреттен көктемнің қандай белгілерін байқадың?                  -Балалар не істеді?                  -Балалардың қимыл атауларын білдіретін сөздерді ата                  -Бұл сөздер қандай сұраққа жауап береді?</p>	

	<p>-Қай сөз табына жатады? Білім алушылар тірек сөздерден мәтін құрастырып, іс-әрекетті білдіретін сөздерді таба отырып, қимылды білдіретін сөздердің етістік деп аталатын сөз табы екенін ұжымда ережесін құрастырды.</p> <p>Критерий: Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.</p> <p>Дескриптор: Тірек сөздерді пайдаланады. Әңгімелеу мәтінін құрайды. Қимылды білдіретін сөздерді табады, сұрақ қояды. ҚБ. Қимылды білдіретін сөзді ата. Қимылды білдіретін сөздер қай сөз табы болады? Кері байланыс: Ынталандыру: Жарайсың! Білім алушы үйренеді: Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайды.</p> <p><b>2- тапсырма. 2.1.4.1.</b> Топтық жұмыс. «Суретті әңгімеле» Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым Ойлау деңгейі: түсіну, қолдану Кейбір оқушылар: тірек сөздердегі, әңгімедегі етістіктердің маңызын түсінеді.</p> <p>1-топ. Суретке қарап, іс-әрекетті білдіретін сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайды.</p> <p>2 топ. Зат есім мен етістік тен құралған сөздерді байланыстырып, сөйлем құрайды.</p>	
--	---	--

	<p>3- топ. Суретке қарап мәтін құрайды, мәтінге тақырып қояды.</p> <p>Дескриптор: Іс әрекетке байланысты сөйлем құрайды Зат есім мен етістікті байланыстырады. Сурет бойынша мәтін құрастырады. ҚБ. Іс әрекетті білдіретін сөздер қандай сөз табы? Сөйлем қандай сөз таптарынан құралады? Мәтінде қандай іс әрекетті білдіретін сөздер бар? Кері байланыс: Үйрендім, Үйренгім келеді. Білім алушы үйренеді: іс әрекетті білдіретін сөздермен жұмыс жасап біледі.</p> <p><b>Сергіту сәті: «Гүл мен тілек»</b> <b>3-тапсырма. 2.1.4.1.</b> Жұптық жұмыс. «Суретті әңгімеле» Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым. Ойлау деңгейі: түсіну. Кейбір оқушылар: әңгіме құрауда етістік не үшін қажет екенін түсінеді, дәлелдеулер жасайды.</p> <p style="text-align: center;">Мәтінмен жұмыс</p> <p>Білім алушылар жұпта жұмбақ шешіп, сөйлемде көп нүктенің орнына етістіктер қолданып, мәтінді оқып, түрін ажыратады. Білім алушылар тапсырманы орындап болған соң, барлық жұптар әңгіме, сөйлем, жұмбақ құрастыруда етістіктің неге қажет екенін түсіндіреді, дәлелдейді</p> <p>1-жұп тапсырмасы: Әсем бақта ән салады, Әніне жұрт тамсанады. (Бұлбұл)</p> <p>2-жұп тапсырмасы: Көктем..... Жер ..... Күн....., найзағай .....</p> <p>Құстар жылы жақтан.....</p> <p>3- жұп тапсырмасы:</p>	
--	---	--

	<p>Қайың тегіс және таулы жерлерде өседі. Қайыңнан түрділі үй жихаздары жасалады. Оның маймен <b>былғары</b> өңделеді. Ол улы газдарды өткізбейді. Қайың-аса пайдалы ағаш.</p> <p>Дескриптор: Жұмбақты шешеді. Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қояды. Мәтіннен етістіктерді табады, ат қояды. Етістіктің не үшін қажет екенін дәлелдейді. ҚБ.</p> <p>Етістік сөйлемнің қай жерінде кездеседі? Етістік не үшін қажет? Кері байланыс: Не үйрендім ? Не білдім? Білім алушы үйренеді: әңгіме құрауда етістік не үшін қажет екенін түсінеді, дәлелдеулер жасайды.</p>			
<p>Аяқталуы</p>	<p>ҚБ. «Галерияны шарлау» әдісі</p>  <p>Кері байланыс «Алма ағашы»</p> <table border="1" data-bbox="517 1496 1235 1805"> <tr> <td data-bbox="517 1496 995 1805"> <p>Жасыл – түсіндім Сары – түсінерім бар Қызыл – түсінген жоқпын</p> </td> <td data-bbox="995 1496 1235 1805">  </td> </tr> </table>	<p>Жасыл – түсіндім Сары – түсінерім бар Қызыл – түсінген жоқпын</p>		
<p>Жасыл – түсіндім Сары – түсінерім бар Қызыл – түсінген жоқпын</p>				

<b>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</b>	<b>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?</b>
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары	Өте жақсы! Керемет! Тапсырманы дұрыс орындадың!

№ F00054 11.10.2021 ж

## **ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ҚАЛАЙ АРТТЫРУҒА БОЛАДЫ?**

**БЕКМУРАТОВА ЖАНАТ КЕНСЕБЕКОВНА**

*Шымкент қаласы, Алпамыс батыр атындағы  
№40 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*

Бастауыш мектепті бітіріп шыққан оқушы өз деңгейінде оқу техникасын меңгеріп шығуы тиіс. Көбінесе бастауыш буынды бітірген барлық оқушының дерлік оқу дағдысы сол төрт жыл ішінде қалыптасып үлгермейді.

Сондықтан, бастауыш сатыда балалардың оқу дағдылары толығымен қалыптасып үлгермей қалады. Ол ұзақ дамудың тек қана ең алғашқы бөлімі болып табылады. Бастауыш мектепте оқушыларының оқу жылдамдығының төмен болу жағдайларын анықтай келе, оқушылардың оқу техникасын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін кеңес дәуірі және шетел психологтарының еңбектерінен байқауға болады.

Психолог Т.Г.Егоровтың айтуынша «іштей, саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді» деген. Яғни, әріп танып, оқу сауаты қалыптаса бастағаннан оқушыны іштей оқуға, бірте-бірте түсініп оқуға үйреткен кезде ғана оның мәнерлі, жүрдек оқуы жақсарады. Оқу әрекеті бірнеше компоненттерден тұрады, бірінші, оқу әрекетін меңгеру, екінші, іс-әрекетті бақылау және бағалау.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу әрекетін Л.И.Липкина зерттеулерінде де бақылауға болады. Оның пайымдауынша мектеп жасындағы оқушылардың «мен» деген концепциясының негізгі факторлары- баланың өзінің оқу әрекетіндегі меңгеру дегейі болып табылады, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады.

Бастауыш мектептердегі оқу дағдысын қалыптастыруын жүргізуде, қазіргі заманға сай, әдіс-тәсілдерді қолдануда, мынандай жағдайларды ескеру керек: -оқушылардың оқу дағдыларын жетілдірудің бір бөлігі-оқушының дұрыс және жүрдек оқуын қамтамасыз ету.

Баланың оқу техникасын жетілдірумен қатар, олардың оқуға деген ынтасын арттырып, оқуға берілген текстерді бірнеше рет жалықпай қайталауға дағдыландыру; -бастауыш сынып оқушысының, әсіресе абстрактылық ойлау қабілетінің жеткіліксіздеу болғандығынан, мәтінді оқу барысында оқушының білімін үнемі толықтырумен қатар, әртүрлі заттарды салыстыру арқылы дүниетанымын кеңейту және тағы с.с әдіс-тәсілдерді қолдану;

-бастауыш сынып оқушыларының көркем әдеби шығармаларды қабылдап, түсінуге керекті мәліметтерді көркем-образды түрде ойлау дағдылары жеткіліксіздеу болғандығынан, шығармашылық қиял процесін дамытуды қолану. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді, үлгермейді. Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынтасы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу-үлкен еңбектің жемісі. Өз туған тілінің қадірін түсіну ана тілінде жазылған кітаптарды оқудан басталады. Өйткені оқу- ақыл ой дамуының, қайнар көзі. «Оқуды тоқтатқан адам, ойлауды тоқтатады», - дейді Дени Дидро.

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі- оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру. Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру, жетілдіру мына негізгі талаптардан тұрады: 1)Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау). 2)Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату). Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасы жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Оқушылардың оқу жылдамдығын жетілдіруді қамтамасыз ету үшін, төмендегідей жұмыстар жүргізу керек:

-Мәтіндерді өзгерту процесін жетілдіру.

-Оқу аймағының көлемін ұлғайту.

-Мәтіннің антиципациялық (алдын ала болжау) қабылдауын дамыту.

-Регрессияны (оқылып кеткен сөздерді қайталап оқуды) болдырмау.

-Баланың оқу іскерлігін дамыту мақсатында оқу темпін, ритмін мақсатты түрде өзгерту.

-Балаларды өзінің және басқа баланың ойын тыңдауға үйрету.

-Әртүрлі мазмұнды мәтіндерді қабылдау жүйесін қалыптастыру.

Мектепке алғаш келген бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта-қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады, оқу аумағы тар болады. Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі де төмен болады.

Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қатар баланың «көру, оқу аумағы» кеңейіп, дағдылана бастайды. Мұндай дағдыға ие болу балаға оңайға түспейді, ол көп күш-жігерін жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен рөл атқарады. Осының барысында зейін мен еріктің төзімділік қасиеті жаттыға түседі.

Осыған байланысты Шульте кестесін пайдаланып, көзді жаттықтыру жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар мұғалім баланың сауат ашу кезеңінен-ақ буынды, сөзді регрессиясыз оқуын жіте назарда ұстағаны дұрыс.



Оқушылардың сөзді буындап алға жылжып оқуын қадағалаған жөн. Л.А.Щерба мен С.К.Фоломкиняның айтуы бойынша бастауыш сынып оқушылары 1 минут ішінде 50-60 сөзден кем оқымауы тиіс.

Саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын регрессиямен оқитын бала өзінің мәтінді бір рет оқығанына сенбейді. Бір жолдың өзін оқуда ондай оқушы бес, алты рет регрессияға ұшырайды. Қайталап оқу дағдысынан (регрессиядан) құтылу үшін, оқу барсында алдыға қарай озып оқу техникасын пайдаланған жөн. Қайта-қайта кері қайтып оқу оқу жылдамдығын төмендетіп қана қоймайды, сонымен қатар материалды түсіну деңгейін де нашарлатады.

Сауат ашу кезеңінде бала бар зейінін жеке әріптерді, буындарды қосып оқуға жұмсайды да, сөздердің арасындағы байланыстарға зер салмайды. Осыған орай, олардың саналы оқудан гөрі механикалық оқуы басым болады. Сондай-ақ олар іштей оқудан гөрі дауыстап оқуға дайын тұрады.

Оларға таңбалануы мен айтылуы бірдей сөздерді оқу да, жазу да біраз қиындық келтіреді. Ондай қиындықтан практикалық жолмен ғана шығуға болады, яғни мұғалім қадағалау жасау арқылы оқытып отырса, балалар жаттығудың арқасында біраздан кейін дағдыланады.

Сауат ашу кезеңінде балаларда мынадай дағдылар қалыптасады: 1.Сөзді буындап және тұтас сөздерді дұрыс оқу. 2.Көлемі шағын мәтіндерді саналы, түсініп оқу.

Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптеп оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек.

Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор. Іштей оқу мен дауыстап оқуға қойылатын талаптарды зерделей келіп, әдіскер ғалым С.Рахметова оны мынандай 4-ке бөліп көрсетеді:

- 1.Дұрыс оқу
- 2.Шапшаң оқу
- 3.Түсіну оқу
- 4.Мәнерлеп оқу

Оқу жылдамдығын дамыту дегенімізді – ғалымның «шапшаң оқу» деген терминге берген анықтамасымен байланыстыруға болады. Жылдам оқу дегеніміз – текстегі сөздерді қалай болса, солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшаңдықпен оқу. Дұрыс оқу Балалар өз бетінше бірінші сыныптың екінші жартысында және екінші сыныпта бірнеше сөз тіркестерін, тұтас сөз тіркестерін, фразалық тіркестерді оқи алатын болады. Бірақ оқу үстінде интонациялық қате жіберу немесе мағынасына сүйеніп сөз тіркестерін қысқартып, жобалап оқу көп кездеседі.

Бұның себебі, екінші сыныпта қойылатын міндет пен талап сөзді тұтас оқу болғандықтан, тұтас оқуға тырысу әрекетінің күшті болуынан, яғни оқуға деген ынта бар да машықтың әлі қалыптаспағандығынан белгілі бір фразаны, тіркестерді оқи білу машығы әлі жетілмегендігінен солай болатыны сөзсіз. Осы себептер әлі оқуы жетіле қоймаған оқушының оқуды дұрыс оқыды ма дегенді тексеріп отыруға міндеттейді. Оқушының қайталап оқып кетпеуін мұғалім қадағалап ескерту жасап отыру керек.

Мұғалімнен үнемі, үздіксіз ескерту естіген оқушы енді оны қайталмайтын болады. Шапшаң оқу Шапшаң оқуға үйретудегі мақсат – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруіне қол жеткізу. Мұны орындау үшін оқытушы баланың әрбір сөзді дұрыс анық оқуын үнемі қадағалап отыруы шарт. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді, демек шапшаң оқудың алғы шарты орындалады. Осыдан шапшаң оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен өте тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтінді оқушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді.

Бастауыш мектеп мұғалімі шапшаң оқуды барлық сабақтарда жүзеге асырып отырады. Бұл жұмысты жүзеге асыру барысында ол ең әуелі дауыстан әрі ырғағына келтіре оқуға баса назар аударуға тиіс. Содан соң балалардың денсаулығын сақтау мақсатында көзбен кітаптың ара қашықтығын белгілі мөлшерде ұстауға көңіл бөледі және қандай ырғақпен, қай жылдамдықта оқу керектігін өзі мәтінді оқып көрсетеді.

Шапшаң оқуға оқушыларды күнбе-күн өз бетінше оқыту арқылы ғана дағдыландырамыз дедік. Ал мұның өзі оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуімен де тығыз байланысты. Сөйлеу мүшелерінің жетілуін, дами түсуін арттыру үшін айтылуы қиындау және қиын жұмбақтар мен жаңылтпаштар оқытудың және оларды ойын түрінде қайта-қайта айтқызудың пайдасы аса зор.

Катлин Б.Херстер өзінің «Баланы оқытуға үйрету» (Обучение детей к чтению) деген еңбегінде былай деген: «Оқу типі балалардың оқу материалына, оның түсінуіне байланысты. Оқушы өз бойында оқуға деген қызығушылығын арттыратын болса, соғұрлым оқу жылдамдығы артатын болады».

Бастауыш мектепте шапшаң оқу өз нәтижесін дауыстап оқу жылдамдығын минутына 58-72 сөз, түсініп оқу жылдамдығы минутына 90-95 сөз болғанда, әрі оқу кітабынан 8-10 өлең және шығарма үлгілерін жаттатқанда ғана нәтиже берері сөзсіз. Шапшаң оқуға балаларды 1-сыныптан бастап баулу керек.

Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала өз сыныптастарына қарағанда үй тапсырмаларын орындау барысында оқып түсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды, оқуға деген ықыласы төмендеп, өзіне сенуден қалады. Нәтижесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық күйзеліске ұшырап, оқуға мүлдем құлқы болмайды.

Түсініп оқу Оқушы мектеп есігін ашқаннан бастап-ақ оқыған сөзінің мағынасын түсінуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Сол жұмыс түрлері мәнерлеп оқуға жол ашып отырады. Мұғалім жеке сөзді, сөйлемдерді оқу кезінде оқушылардың тек оқып шықаннына қанағаттанбай, оның мағынасын ашуға арналған жұмыстар жүргізуі тиіс. Яғни оқушы оқып тұрған сөзін, сөйлемін өзі түсініп тұр ма, соны анықтап, егер оқушы түсінбесе, мұғалім қосымша түсіндіру жұмысын жүргізуі тиіс. Осыдан кейін мұғалім оқушының берілген сөзді не мәтінді үстірт оқымай дауыс ырғағымен оқуын қадағалап отырады. Қазақ алфавитіндегі әріптердің дұрыс, анық аталуына оқушыны жатықтыру үшін баланың ауыз қуысындағы тіл, ерін, тіс, жақтарына арналған артикуляциялық жаттығуларды жүргізгені дұрыс.

Мәнерлеп оқу Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс өз бетінше оқуын жетілдіруде қойылатын бағдарламалық талаптың бірі оқушыны мәнерлеп оқуға үйрету болып табылады. Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс оқып, сөздерді бұзбай, қалдырмай, сөз аяғын жұтып қоймай, әрбір сөзді, ондағы дыбыстарды анық етіп оқу. Көркем шығарманың негізгі ой тірегін анықтап алмай, оқығандағы мақсат айқын болмайынша бірде бір жолды мәнерлеп оқу мүмкін емес. Оқушыны мәнерлеп оқуға үйретпейінше оны мәдениетті сөйлеуге үйретеміз деп айта алмаймыз. Ал мәдениетті сөйлеу дегеніміз-сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері болып табылады. Осыларды үйрету негізгі бастауыш мектептен басталады және қаланады.

Жалпы оқу дағдысы дұрыс қалыптаспаған оқушы білім негіздерін жақсы қабылдай алмайды, өздігінен кітаптағы тапсырманы орындап өз бетінше білімді игере алмайды. Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік мемлекеттік стандарт талабына сәйкес болу үшін мұғалім оқу-білім үрдісінде қиындықтарды жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын арттыра алады.

Балғын бүлдіршіндер-еліміздің ертеңі-біздің қоғамымыздың мүшесі. Сондықтан да баланы кіші жастан бастап дұрыс оқып, сауатты болып шығуын бастауыш сыныптың ұстаздары жіте назарда ұстауы тиіс .

№ F00055 11.10.2021 ж

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ - ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

**ШУАНОВА САТТЫГҮЛ ОРАЗАЛИҚЫЗЫ**

*Шымкент қаласы, Алпамыс батыр атындағы*

*№ 40 мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Ал, жаңаша оқытудың негізгі мақсаты – оқушының белгілі бір пән бойынша терең түсіну қабілетін дамыту және алған білімдерін өмірде кездесетін кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету екендігін білдім.

Бұрын сабақтарымда мен оқушыларға өзім ізденіп дайын білімді ұсынып, сабақты бүге-шүгесіне дейін өзім түсіндіріп берсем, осы бағдарлама аясында оқушылардың ойлауы дамытыны, жаңа білімді түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарымен пікірлесе отырып алатынына көзім жетті. Жаңартылған білімнің негізгі идеясын түсіне отырып, оқушылардың ойлау қабілетін қалай дамытатынымды ойластырып, жеті модульді кірістіре отырып химия пәнінен 7-8 сыныптарға арналған сабақтар топтамасын құрдым.

Мақсатым оқушылардың топтасып жұмыс жасауына, өздерін, бірін-бірі бағалауына және сабақты өз беттерінше меңгеруіне мүмкіндік жасау.

Зерттеу бойынша ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен сыныптастарымен бірігіп жүргізген жұмыс баланың оқуына және танымдық әсері жоғары екені дәлелденген.

Сондықтан да сабақтарымда диалогтік оқытуды тиімді пайдалануға тырыстым. Мен оқушыларымды диалогтік оқуға тарту үшін тиімді сұрақтар қоя білуім керек екенін түсіндім. Сабақтарымды көбіне «Ойшақыру», «Миға шабуыл» т.б. әдістері арқылы бастаймын, себебі балалар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын еркін айтып, сабақтың мақсатын ашып отырды.

ЖИГСО әдісі арқылы да жұмыс жасау барысында оқушылардың қызығушылықпен жұмыстанатынын байқадым. 8-класта өткізген «Адам организміндегі химиялық элементтердің биологиялық рөлі.» атты ашық сабақта осы әдісті пайдаландым. Барлық оқушыларымқызығушылықпен жұмыс жасады. Десек те бір оқушының өз ойын еркін жеткізе алмағанын байқадым. Сондықтан да ол оқушыға түрткі сұрақтар қою арқылы өз ойын айтуға ұмтылдырдым.

Психологиялық тренингтер арқылы кейбір оқушылардың бойындағы сенімсіздік пен қорқынышты жойып, класта жайлы атмосфераны қалыптастырдым. Үйреніскеннен кейін оқушылардың шаттық шеңберіне ықыласпен шығатынын байқадым. Үнсіз оқушыларымның өздері ортаға шыққан кезде сөйлеуге тырысып жатқаны мені қуантып тастады.

Топпен жұмыс жасатудың алғы шарты – оқушыларды топтарға бөлу. «ЖИГСО» әдісі арқылы т.б. топқа бөлу әдіс – тәсілдерін меңгеріп, сабақтар кезінде оларды дамыта түстім. Алғашында сабағымда кейбір оқушылар топпен жұмыс жасағысы келмейтіндіктерін айтты, себебі топ құрамы ұнамайды деді. Өзімнің жұмысымның жемісі деп оқушылардың осы әдіске үйренгеннен кейінгі сабақтарымдағы оқушылардың топқа бөлінудегі белсенділігін атап айта аламын.

Заман ағымына сай өзгере отырып, технологиялардың дамыған күрделі техника ғасырында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра білу шебер мұғалімнің ерекшелігі. Қазіргі балаларды таң қалдыру қиын, сондықтан да балалардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында, сабағымда түрлі әдістерді шебер қолдана білдім.

Сабақтарымда тақырыппен таныстыру үшін өздерін ізденіске түсіруді көздедім. Осы тапсырманы орындаған кезде оқушылардың АКТ – мен жұмыс жасаудағы қызығушылығын байқадым.

Қосымша мәліметтерді ғаламтордан сабақ үстінде алуды, оны пайдаланып түрлі таныстырылымдар дайындауды үйренді және не білгендерін анықтау мақсатында түрлі әдістер арқылы жұмыстар жүргізуді тапсырдым.

Барлық тапсырмаларды оқушылар топта, жұпта орындады. Сөйтіп, топта жұмыс жасауды үйренді. Топ мүшелерінің пікірін тыңдауға, құметтеуге, өз ойымен бөлісуге, ортақ шешімге келуге дағдыланды. Бұрынғы сабақтарымда оқушылар топтық жұмысты сайыс деп түсінетін болса, осы әдіспен оқытуда ынтымақтастықта жұмыс жасау керектігін ұғынды.

Топпен жұмыс барысында постер құруда, сыныптағы суретті жақсы салатын қабілетті оқушыларды байқадым. А. деген үнсіз оқушының сурет салудағы қабілетін бұрын – соңды білмейтінмін. Өйткені сабақ үстінде сурет салуды уақыт тапшылығына байланысты өткізу мүмкін емес , ондай тапсырмаларды үйге беріп жіберетінмін.Топтық жұмыста дарынды және қабілетті оқушылардың да көшбасшылығын байқап отырдым. Себебі бірлесіп жұмыс жасауда, топтағы дарынды оқушы өзге топ мүшелеріне көмек, қолдау көрсете отырып, оның ойын құрметтеп отырды.

«Оқыту мен оқу үшін бағалау» модулінің де теориясың мәнін жете түсініп, тәжірибеде қолданған кезде оның тиімділігін білдім.

Формативті бағалаудың сапалы білім берудегі ролі басым екендігімен келісемін. Өйткені формативті бағалауды күнделікті сабақта қолдана отырып, менімен қатар оқушылар да өз білімдерінің сапасына әсер ете алады.

Сонымен қатар формативті бағалау оқушының сабаққа, оқуға деген ынтасын арттырады, себебі бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану баланың қызығушылығын оятады. Бағалауда оқушылар өз-өздерін, бір-бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгереді.

Бір сабағымда мен оқушыларды критерий арқылы бағалатсам, кейбір сабақта топ басшылары бағалады, ал кейбір сабақтарда өз-өздерін бағалады. Кейде критерийді өзім дайындап алып келсем, екінші сабақта өздеріне дайындаттым. Осы кезде мен кедергіге тап болдым . Себебі оқушылардың әлі де болса сөздік қорының аздығы, жүйелі сөйлей алмауы қатты әсер етті.

Сондықтан да осындай кедергілерді болдырмау мақсатында әр сабақтың кезеңдеріне тиімді бағалау түрлерін қолдана отырып, өз беттерінше пікір айтуға, тілек білдіруге дағдыландырдым.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

№ F00056 11.10.2021 ж

## ӘЛ- ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

**МАМРАЙМОВА АҚМАРАЛ ЕСИРКЕПОВНА**

*Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы  
"№7 Тұран" мектеп-гимназия" КММ. Тарих пән мұғалімі*

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді.

Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр Әл Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны.

Түркістан топырағы - Фараб аймағынан шыққан ірі ойшыл, философ ғалым. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды.

Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім- адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның өміріне қауіп әкеледі. Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған. Түйінді сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар

шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады.

Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жанжақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақылпарасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім- тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады.

Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген ӘлФарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген.

Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге



негізделген қасиеттерден туатын ісәрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жантәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінезқұлық, іс-әрекеттер сипатталады Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады.

Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген. Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады.

«Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты.

Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды.

Жақсы мінез - құлық пен ақыл-күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдылығында және жетілгенділігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттеріміздің абзалдылықпен жетілгендігін табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз.

Біз ержүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін біршама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық көрсету арқылы жетуге болады дейміз.

Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал бұл - жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады.

Досгерлік - адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым - қатынас жасауынан тұрады, осының арқасында ол өзінің жүріс - тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету — жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкаппарлыққа итереді.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды.

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты.

Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады.

Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының насихатталуы, зерттелуі және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни 37 көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды да ұшан-теңіз, мол дүние.

Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады. Қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіндегі халықтар мен мәдениеттердің өзара бірлігі мен тұтастығына негізделген әл-Фараби идеяларының жүйесін толықтай зерттеу арқылы сол кезеңдегі қазақ даласындағы өркениетті насихаттау мен болашақ жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау болып табылады.

Рухани жаңғыру — ұлт үшін маңызды. Бағыты мықты елдің ғана, болашағы баянды болады! Білім мен ғылымда озық ел ғана — көшбасшылардың қатарынан табылады

## Химия пәнін оқытудың тиімді әдістері

**КУАНТАЕВА ГУЛЬНУР АХМЕТАЛИЕВНА**

*Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Көгершін ауылы  
Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі*

Химияны оқыту методикасының зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті. Химияны оқыту методикасы ғылыми оқыту әрекетін методикалық деңгейде зерттейді. Барлық жеке пәндерді оқыту, солардың ішінде химияны оқыту методикасы дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді, оларды өзінің методологиялық негізі ретінде пайдаланады.

Химияны оқыту әдістері, ғылыми зерттеу әдістерімен ұштасып жатады, оқушылардың химия объектілерін танып-білу әрекетінің ерекшеліктерімен де сипатталады. Химиялық орта білім беру бір-бірінен бәліп қарауға болмайтын үш орындалатын міндеттен тұрады. Ол оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары деп аталады.

Химия пәнінің білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері, химиялық орта білім берудің негізгі міндеті аға ұрпақтардың жинақтаған тәжірибесі негізіндегі білімді логикалық және дидактикалық өңдеуден өткізіп, түсінікті етіп беру. Қазіргі кездегі оқытудың мақсаты жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту.

Қазақстан мектебінің алдына қойылып отырған мақсаты инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында өскелең ұрпаққа жүйелі, нақты білім беру болып табылады.

Пәнді оқытуда қолданылатын жаңашыл әдістерді қолдану тиімділігі төмендегідей; - Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру; - Интербелсенді әдіс-тәсілдің дәстүрлі білім беруге қарағанда оқушыларда алған білімді жүйелеу; -Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланғанда мұғалімнің уақытын үнемдеу және тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Оқушыларға химиядан жүйелі білім беруде сабақ басты орын алады. Сабақ - өте күрделі, жан –жақты, көп қызмет атқаратын педагогикалық үрдіс. Сабақ мақсат қоядан басталады.

Қазіргі кезде сабаққа қойылатын мақсаттың үш түрі белгілі, олар: жалпы педагогикалық (тәрбиелеу мен дамыту), дидактикалық (оқи білу дағдысын меңгеру), әдістемелік (химия пәні бойынша білім мен іскерлікті қалыптастыру, дүниетанымдық кезқарастарды түсініп, қорытындылар жасай білуге үйрету) мақсаттардың ортақтығы негізінде іске асырылады.

Сабақта оқытудың барлық формасында жақсы нәтижеге жету үшін бір формадан екінші формаға ауысып отыру оң нәтиже береді. Жаңа сабақтың материалын оқуда ұжымды жүргізіледі. Оқытудың түрлі формаларын қолдану оқушылардың белсенділігін, Өз бетінше жұмыс істеу және таным қабілетін арттырады. Қазіргі сабақ оқушылардың өзіндік жұмыстарынсыз болмайды.

Ол- оқушылардың алдына қойған мақсаттарын орындау қызметі. Өзіндік жұмыстарды орындау арқылы оқушылар көрсетілген бағдарламалық білімді, жаңа біліктер мен дағдыларды игереді, Өзіндік шығармашылық қабілетін дамытады, ғылыми танымдық әдістерді меңгереді.

Химия пәні бойынша сабақтың бес типін кәрсетуге болады:

1. Жаңа білім мен дағдыны меңгеру сабақтары.
2. Сарамандық білімді, дағдыны, іскерлікті жетілдіру және қалыптастыру сабақтары.
3. Білімді жүйелеу, қайталау, қорытындылау, жалпыламалау сипатындағы сабақтар.
4. Білімді бақылау, тексеру, есепке алу сабақтары.
5. Аралас құрама комбинациялы сабақтар.

Химия сабағындағы оқушылардың өзіндік жұмыстары сан алуан сарамандық сабақтар, сарамандық тәжірибелерді орындаулары, есептерді шешуі, формулалар бойынша реакциялардың теңдеуін құрастыру, жаттығуларды орындау, бақылау және тексеру жұмыстарын орындау, оқулықпен жұмыс, анықтамалар және әр түрлі қосымша әдебиеттермен жұмыс, сарамандық жұмыстардың есебін жазып орындау, танымжорық материалдарын өңдеу т.б.

Оқушылар ұжымы бір тақырып не бір жоспар бойынша екі-үш адамнан құралған шағын топқа біріктіліп, бөлініп жұмыс жасайды. Мұнда да оқушылар сарамандық жұмыстарды бірлесіп орындап, есептерді бірлесіп шешеді, стендтер әзірлейді, көрме ұйымдастырады, конкурстық немесе олимпиадалық есептерді шешеді, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Химиялық танымжорықтар оқытудың өмірмен, өндіріспен және қоғамдық құрылыстың сарамандығымен байланысын жүзеге асырады. Өндірістік танымжорықтар мектепте оқылатын теориялық материалды өндіріс тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Өндірістік танымжорықтар оқушылардың әр жақты жетілуіне жәрдемдесе отырып, олардың политехникалық ой-өрісін де дамытады.

Өндірістік технология мен еңбек құралдарымен, өндірістің жалпы ғылыми ұстанымдарымен де танысады.

Өндірістік танымжорықтардың саяси-идеялық маңызы аса зор, өйткені, олар егеменді еліміздің өндіріс құрылыстарының даму қарқынын, ғылымымыздың, техникамыздың барлық табыстарын біле отырып, ұлттық мақтаныш сезімін тудырып, отан сүйгіштікке, халықтар достығына тәрбиелейді.

Химия оқыту үрдісінде арнайы таным жорықтар басым болғанымен жалпы өндірістік танымжорықтардың маңызын ұмытпаған жөн.

Өндірістік танымжорықтар сабақ үстінде, үйірме сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен пайдалануға болатындай материалдарды жинақтауға мүмкіндік береді.

Химияға деген қабілеттіліктерді дамыту үшін мүмкіндігінше оқушылардың өзіне тапсырмаларды көбірек етіп беріп, оларға химиялық проблемаларды шығармашылықпен шешу тәсілдерін біртіндеп түсіндіру қажет.

Химия ғылымы мен химия әнеркәсібінің мәні – осы саладағы жұмыстардың жемісті болуы – сынақ тәжірибе жасай білуді, бақылаған құбылыстарды ой жүгірте талдай білуді оқытудың алғашқы қадамынан бастап-ақ дамыту қажеттілігін талап етеді.

Химикке тән осы сияқты және бұдан басқа да, мысалы тәртіптілік, зейіндік, жұмысқа ептілігі, жинақылық тәрізді қасиеттер тек оқушылар сынақ тәжірибе жасауды сынақ тәжірибелік теория негізінде оқып-үйренумен ұштастырған жағдайда ғана ойдағыдай қалыптасады.

Осының нәтижесінде әрбір оқушыда ақыл-ой және сарамандық іс-әрекеттің дараланған сипаты қалыптасады, бірте-бірте ақыл мен естің химиктің қызметіне тән арнаулы қасиеттер дамиды, әдеттегі ғана емес, сонымен бірге теориялық және сарамандық мазмұндағы жаңа мәселелерді шеше білу шеберлігі пайда болады.

Сонымен қорыта келсек, сабақтағы ең басты және оны анықтаушы көрсеткіші оның мазмұны, дүниетанымдық бағыттылығы, мұғалімдердің педагогтық шеберлігін арттыру жөніндегі, істі ұйымдастырудың әдістемелік жағы болып табылады.

№ F00059 11.10.2021 ж

## **ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТӘЖІРИБЕМНЕН**

**ТАЗАБЕКОВА ИНДИРА НИЯТБЕКОВНА**

*Шымкент қаласы № 39 М.Жұмабаев атындағы  
ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі*

Алға қойған мақсатым - Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашақ тұлғаларын білім нәрімен сусындату. Талабы таудай, дарыны мол, іздемпаз, жан жақты, өз идеясын жүзеге асыра алатын, шығармашылық дарыны мол бала тәрбиелеу. Білім негізі бастауышта деген сөз ді ескере отырып.

Оқушылардың шығармашылық дарынын дамыту, Отанға деген сүйіспеншіліктерінгін арттырумыз қажет. Еліміздің ертеңгі болашақ ұрпақтарын білімді, жаңашыл, өмірден дұрыс жол таба білу үшін өздігінен Саналы шешім қабылдай білуге үйретуіміз қажет.

Дарын дегеніміз адам бойындағы негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибесінде дәлелдеп отыр. Дарын ол баланың белгілі бір дүниеге психологиялық қабилеттілігі. Осы қабилетті дер кезінде Анықтап оны одан әрі дамыта білу ұстаздар еншісінде.

Дарынды баланы анықтауда, дарынды бала ерекшелігі пәнге деген қызығушылығы өте жоғары. Есте сақтау қабилетті жақсы, сөздік қоры үлкен, пәндер арасындағы байланысты қабылдай алу және сәйкес тұжырымдар жасауы, тез шешім қабылдамауы, немесе берген сұрағына ойланып толықтай жауап беру.

Дарынды баламен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты:

Өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Пәнге терең қызығушылығын арттыру. Оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру. Оқушының деңгейін анықтау сайыстар, ойындар, кім жылдам, кім тапқыр ойындарын өткізу керек. Оқушының шығармашылық пен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау.

Шығармашылық жұмысқа баулып олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу. Шығармашылық қабилеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытып отырамын. Оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне қарай қабилеттерін аша отырып ойын, қиялын дамыту, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырып, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой пікірлерін дамыту.

Оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының белсенділігін дамыта отыру арқылы мақсатқа қол жеткіземіз.

Міндеттері: Оқушының белсенділігін қалыптастыра отырып шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету.

Жан-жақты ақпараттандыру. Жеке қабилеттеріне қарай ұжымдық жұмыстан бөлінбеуін қадағалап, қолдау көрсетіп, әр деңгейдегі жеке тапсырмаларды деңгейіне қарай бөліп беремін. Әр баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, сайыстарға, ғылым жобалар мен байқауларға қатысуларына қолдау көрсетемін. Менің Оқушыларға сенімділік көрсетіп, Іс әрекетіне ерік беріп, жігерлендіру.

Адамгершілік қасиеттерін арттыру Өз ойын еркін айтуға бағыттау Ойы ұшқыр шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым қатынас орнату.

Дарынды баланың ерекшелігі Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлап, жауап береді Дарынды бала ішкі сезім жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын. Әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.

Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттер өмірге құштарлық, биік ізгіліктің кілті мыңды жығатын білімінде. Дарынды бала әр түрлі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай және ойларын ерекше бірдіреді. Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытқа жетелеу әр ұстаздың міндеті.

Дарынды балаларға ақын, жазушылардың өмірбаяндары туралы реферат жаздырып, өлеңдерін жаттатудан бастадым. Мақал-мәтел жаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуды үйреттім. Математикаға қызығатын балдарға ең бірінші менталды арифметикадан бастадым.

Олардың жетістігі мен үшін қуаныш еңбегінің жемісі екенін сезесің Абай атамыз айтқандай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей, келекшекте де қоғамымызға өз пайдасын келтіріп, ұғымтал зерделі шәкірттерді тәрбиелеп, қанаттарын қатайтып ұшыру біз ұстаздардың парызымыз деп білемін.

№ F00060 11.10.2021 ж

**Үлес және бөлшек туралы түсінік**

**ТУЛЕУОВА ҚҰРАЛАЙ БАЙТЕНҚЫЗЫ**

*Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мойылды ауылы*

*№ 38 негізгі жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

**Пән: Математика**

<b>Уақыты:</b>	<b>08.10.2021 жыл</b>	<b>3 «А» лицей сыныбы</b>
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	<b>42-сабақ: «Үлес және бөлшек туралы түсінік»</b>	
<b>Сілтеме:</b>	Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, Ж.Т.Қайыңбаев, Б.М.Қосанов К.Ә.Ерешева, М.В.Маркина. 3-сынып оқулығы.7-8-бет	
<b>Жалпы мақсаты:</b>	Санның құрылымын, жіктелуін үйрету. Дамытушылық: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ойлау қабілеттері арқылы белсенділіктерін арттыру, өз бетінше жұмыс жасауға талпындыру.	
<b>Міндеттері:</b>	2.Сауатты, көркем жазуға, өзара ынтымақтастыққа, мәдени сөйлеуге тәрбиелеу.	
<b>Күтілетін нәтижелер:</b>	1. Есептер шығару 2. Кері байланыс 3.Шығармашылық тапсырма 4.Рефлексия	
<b>Тапсырмалар :</b>	1.Топтық тапсырма. 2. Шығармашылық тапсырма	
<b>Жүргізетін жұмыстар</b>		
<b>Уақыты</b>	<b>Мұғалімнің іс - әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>
<b>5 минут</b>	<b>-Күндегідей 5 минуттық кітап оқимыз</b>	Оқушылар оқиды
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>  <b>2 минут</b>	<b>I.Ұйымдастыру кезеңі.</b> Сынып сәлемдеседі, торт арқылы топқа бөлу. <b>Топ жетекшісі</b> сайланады.	<b>Псих/лық дайындық.</b> Үлкенге де Сіз, кішіге де Сіз, Сәлем бердік Сіздерге, Құрметпенен Біз. <b>Топқа бөлінеді.</b>



		Оқушылар бағалау критерийімен танысады.
<b>1 минут</b>	-Сонымен сыныпта кім кезекші? Үй тапсырмасын барлығымыз орындадық па? – Дұрыс айтасындар, қосымшада орындадық. <b>№1, №2</b> дәптер алмасады	Кезекші есебін береді  Дәптер таратады.
<b>ӨЖ - 3минут Тұсаукесер</b>	-Балалар, бүгінгі сабағымыз әдеттегідей <b>ӨЖ</b> арқылы жүргізіледі. -Жақсы, рақмет. Уақыт шектеулі.	Көбейту кестесін ауызша айтып <b>бірін-бірі</b> бағалайды
<b>Жаңа тақырыпқа шығу ИКТ 2 минут</b>	-Алдарыңда тұрған <b>СӨЗЖҰМБАҚ</b> ты шешіп көрейік. -Сонымен, бүгінгі тақырыбымыз: <b>«Тең бөліктерге бөлу және үлестерді шығарып алу»</b> Бүгінгі сабаққа қандай <b>мақсат</b> қояр едіңдер? -Жақсы, рақмет	Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтылады.
<b>1 минут</b>	- <b>Мақсатымыз</b> геометриялық фигураларды тең бөлікке бөліп, санның үлесін табуға үйрену. -Сонымен, барлықтарыңа сәттілік тілеймін.	Әр оқушы <b>мақсат</b> қояды
<b>2 минут</b>	<b>Дәптермен жұмыс</b> Дәптерімізді ашып, бүгінгі күнді жазамыз.	Оқушылар жазады
<b>КӨРКЕМ жазу минуты:</b>	<b>Қазанның 8-і.</b> <b>Сынып жұмысы.</b> <b>716 671 167</b>	Санға сипаттама береді
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ Оқулықпен жұмыс 2 минут</b>	- Оқулықтың 55-бетіндегі №1 есепті ауызша талдайық. -Ал, Сұңғат пен Әлихан, Нұрмұхаммед 4-сынып бойынша геометриялық фигураның ауданын, көлемін табады.	Оқушылар ауызша орындайды  Өз-өзін тексеріп, баға қояды.
	<b>СЕРГІТУ СӘТІ:</b>	

<p><b>1 минут</b></p>	<p>Аяқпен топырлайық біз бірге... (9 бен 3-тің бөліндісі); Қолмен шапалақтаймыз біз сізге... (5 пен 1-дің көбейтіндісі); Отырып тұрамыз бәріміз...(24 пен 8-дің бөліндісі); Бас иеміз сонша біз... (18 бен 9-дың бөліндісі) Секірейік бәріміз, Қол ұстасып бірге біз (15 пен 5-тің бөліндісі)</p>	<p>Оқушылар қимылмен көрсетіп орындайды Оқушылар ізденеді, өз бетімен дайындалады.</p>
<p><b>Талдау жұмысы 10 минут</b></p>	<p>----- -Жақсы, рақмет, отырамыз.Келесі тапсырма <b>(топпен жұмыс)</b> <b>Оқулықпен жұмыс.</b> <b>№4 (а) 56-бет. II топ</b> <b>№4 (ә) 56-бет. III топ</b> <b>Сұңғат, Әлихан, Нұрмұхаммед I топ 4-сынып бойынша есеп шығарады.</b> <b>-ҚОРЫТЫНДЫ:</b> -Сонымен, бұл есептен нені анықтадыңдар? -Жақсы, рақмет. <b>(ТОП –ТОПты бағалайды)</b></p>	<p>Оқушылар бағалау көрсеткіштеріне сүйене отырып, жақсы жауап беруге ұмтылады. Белсенді қатысады. Тапсырманы тиянақты орындайды.</p>
<p><b>ЖИНАҚТА У 3 минут</b></p> <p><b>ИКТ САЛЫСТЫРУ</b></p>	<p><b>КЕРІ БАЙЛАНЫС:</b> <b>(I топ Сұңғат, Әлихан, Нұрмұхаммед тақтада №3, 16-бет шығару)</b> <b>II және III топ 56-беттегі № 6 тапсырманы тақтада орындайды.</b> Геом.фигураларды үлестерді салыстыру Егер бөлшектің бөлімдері бірдей болса, онда бөлшектің алымдарын салыстырамыз.</p>	<p>СМАИЛИК жапсырады Дарынды балалармен жұмыс. Ойланады, талқылайды, өз ойларын айтады. Дәптермен және тақтамен жұмыс жүргізіледі. <b>(Бір-бірін тексереді)</b></p>
<p><b>2 минут</b></p>	<p>----- -Келесі <b>ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА:</b> <b>II және III топқа:</b> «Тәуліктің ширегі оның жартысының екіден бірінен кем» деген дұрыс па? Түсіндір. <b>I топ: 1) 45, 85 және 65, 35 сандарының квадраттарын тап.</b></p>	

<b>Қорытынды лау</b> <b>3 минут</b>	-Сонымен балалар біз қандай тақырыппен таныстық? Сабақтың мақсатына жеттіңдер ме? -Бүгінгі сабақтан біз не білдік? -Геометриялық фигураларды тең бөліктерге бөлдік. -Есеп шығаруды; -Логикалық есептерді шығаруды; - Сабақта сендер үшін не қызықты болды?	Сабақтан алған әсерін айтып, ой бөліседі.  <b>Өзін-өзі бағалайды</b>
<b>Бағалау</b> <b>2 минут</b>	-Кім бүгін «5» деген баға алды? «4» алғандар бар ма? «3» ? -Жарайсыңдар !	Бағалау парағын толтырады.
<b>Үй тапсырмасы</b> <b>1 минут</b>	8-бет №2,№3 және 105 сабақты орындау	Күнделікке тапсырманы жазады.

**Бағалау парағы**

Тапсырмалар	Оқушының аты			
Көбейту кестесі				
1 - тапсырма				
2 – тапсырма				
3 – тапсырма				
ЛОГИКА				
Қорытынды				

**Бағалау парағы**

Тапсырмалар	Оқушының аты			
Көбейту кестесі				
1 - тапсырма				
2 – тапсырма				
3 – тапсырма				
ЛОГИКА				
Қорытынды				

**Бағалау парағы**

Тапсырмалар	Оқушының аты			
Көбейту кестесі				
1 - тапсырма				
2 – тапсырма				
3 – тапсырма				
ЛОГИКА				
Қорытынды				

№2.Саяхатшылар жүретін жолдың ұзындығы 135км. Олар барлық жолдың бестен бір бөлігін жаяу, үштен бір бөлігін атпен, ал қалған бөлігін автобуспен жүреді. Саяхатшылар автобуспен қанша километр жүреді?

№1.Дәптеріңе қабырғалары 6см және 2см тіктөртбұрыш сыз. Оның ауданын тап. Ауданы осы тіктөртбұрыш ауданының үштен бір бөлігін құрайтын шаршы сыз.Шаршының ауданын тап.

№2.Жалғаста 18 фломастер болды.Оның жартысын ол Айдарға, үштен бірін Әминаға, он сегізден бірін Сабыржанға сыйлады.Жалғас, Айдарға, Әминаға, Сабыржанға неше фломастер сыйлады?

№2.Ыдыстың сыйымдылығы 24л.Ыдыстың жартысын толтыру үшін неше литр сүт керек? Үштен бірін ше? 24-тен бірін ше?

**ЛОГИКА**

**II топ:** «Тәуліктің ширегі оның жартысының екіден бірінен кем» деген дұрыс па? Түсіндір. (Дәптерге жаз)

**ЛОГИКА**

**III топ:**

«Тәуліктің ширегі оның жартысының екіден бірінен кем» деген дұрыс па? Түсіндір. (Дәптерге жаз)

**ЛОГИКА**

**I топ:** 45, 85 және 65, 35 сандарының квадраттарын тап.

№ F00062 11.10.2021 ж

## Сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы

### ДОНБАЕВА БАҚЫТ ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ

*Алматы облысы, Талдықорған қалсы  
№12 "Байтерек" бөбекжайының тәрбиешісі*

Ойын - бұл мектеп жасына дейінгі бала үшін өзін-өзі еркін сезінуді, заттарға, іс-әрекеттерге, қарым-қатынасқа бағыну сезімін қамтамасыз ететін, өзін «осында және қазірде» толығымен жүзеге асыруға, эмоционалды жайлылық жағдайына жетуге, теңдестірушілердің еркін қарым-қатынасына негізделген балалар шығармашылығына араласуға мүмкіндік беретін өзіндік құнды қызмет.

Балаға арналған ойынның субъективті құндылығы мен оның объективті дамытушылық құндылығы үйлесімді ойынды балалардың өмірін ұйымдастырудың ең қолайлы формасына айналдырады, әсіресе мектепке дейінгі білім беру жағдайында.

Барлық уақытта ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті болды. Психологтар мен тәрбиешілер (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, А.П. Усова, Т.Е. Конникова, Д.В. Менджерицкая, Р.М. Римбург, Р.И. Жуковская, Т.А. Маркова, Н.Я.Михайленко, Р.А.Иванова және басқалар) мектепке дейінгі жасты ойын жасына жатқызды. Іс жүзінде балалар біраз уақытқа қалдырған барлық нәрсені ойын деп атайды. Зерттеушілер ойынның құндылығын атап өтіп, оның әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырудағы маңыздылығын, адамның өзін-өзі растауы мен қарым-қатынас жағдайында оның мінез-құлқын болжау мүмкіндігін көрсетеді.

Баланың дамуын ойынсыз елестету мүмкін емес, ал рөлдік ойындар мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қызметі болып табылады. Олар баланың ойдан шығарылған жағдайында кез-келген рөлдік әрекеттерді, оны қызықтыратын функцияларды жүзеге асыруға, түрлі оқиғаларға қосылуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын - бұл кішкентай адамның әлеммен алғашқы, саналы өзара әрекеті, онда бала жасаушы субъектінің жетекші рөлін атқарады, бұл оның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі көрсету тәсілі. Онда бала өзі қалағандай болады, ойында бала өзі қалаған жерде болады, ол қызықты және тартымды оқиғалардың қатысушысы болып табылады.

Рөлдік ойындар баланың психикалық дамуында үлкен маңызға ие, олардың ерікті есте сақтау қабілетін дамытады. Ойынды жүргізу кезінде міндетті болып табылатын ережелер балаларды мінез-құлқын басқара білуге тәрбиелейді, олардың импульсивтілігін шектейді, сол арқылы мінездің қалыптасуына ықпал етеді.

Құрдастарымен бірлескен ойын кезінде балалар қарым-қатынас жасауға, басқалардың тілектері мен іс-әрекеттерін ескере білуге, өз пікірін қорғай білуге, өздігінен талап ете білуге, сонымен қатар жоспарларды бірлесіп құруға және жүзеге асыруға үйренеді.

Бала әр түрлі рөлдерді орындай отырып, әр түрлі қызмет түрлерін қамтуды бастайды, бұл баланың ойлау қабілетін дамытуға, басқа біреудің көзқарасын қабылдауға көмектеседі.

Рөлдік ойын ойнау, қандай да бір образға үйрену, бала алған әсерлерін жаңғыртады, қайта ойластырады және ашады. Ойын жағдайының ойдан шығарылатындығын түсінген балалар, дегенмен, шынайы сезімдер мен тәжірибелерді бастан өткереді және осылайша ішкі әлемін байытады.

Мектеп жасына дейінгі балалар бірге ойнағанды ұнатады. Алайда өмірлік тәжірибенің аздығы, адамгершілік сезімдерінің көрінуінде тұрақтылықтың болмауы, өз тілектерінен бас тарту қабілетінің жеткіліксіз дамығандығы кейде ойынның ыдырауына, қалыптасқан достық байланыстардың бұзылуына әкеледі. Біз ойынға басшылық жасай отырып, балаларға әр түрлі ұсыныстардың ішінен ең қызықтысын таңдауға көмектесіп қана қоймай, оларды бір-бірінің жоспарын құрметтеуге, жолдастарына мұқият болуға үйретуіміз керек.

Баланы өзі үшін өзі ойнағысы келетін құрдастарының рөлдеріне сәйкес келетін рөл таба білуге үйрету өте маңызды, бұл үшін баланы қабылданған рөлді жанасына ауыстыруға үйрету қажет.

Рөлдік ойынның анықтамаларын, оның ерекшелігін педагогика мен психология тұрғысынан зерттей келе, рөлдік ойын - бұл мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің ең тартымды түрі деген қорытынды жасауға болады. Дәл осы рөлдік ойын балаға екі жағдайда - нақты және қиялда бір уақытта болуға мүмкіндік береді.

Рөлдік ойын процесінде баланың ақыл-ой қабілеттерін ғана емес, зейінін, есте сақтауын, қиялын қамтитын білімді игерудің маңызды және күрделі процесі жүреді.

Сюжетті-рөлді ойын картотекасы:

### **Картотека №1 «Киім дүкені»**

**Максаты:** Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.





**Картотека №2 «Балабақша»**  
**Мақсаты:** Тәрбиеші балаларды қабылдап, таңертеңгілік жаттығуды өткізеді, ойнатады.

**Картотека №3 «Зоо**

**Мақсаты:** Балалар зообаққа келеді, әр

көреді, айткенішекте тебеді.



**Картотека №4 «Шапшараз»**

**Мақсаты:** Балаларды шапшараз ойынымен таныстыра отырып, шапшарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шапш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.



**Картотека №6 «Құрылысшы»**

**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.



**Картотека №7 «Аурухана»**

**Мақсаты:** Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.





**Картотека №8 «Дүкен»**  
**Мақсаты:** Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету.

**Картотека №9 «Дәрігер»**

**Мақсаты:** Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту тіл, байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.



**Картотека №10 «Жолаушылар»**

**Мақсаты:** Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.



## МАЗМҰНЫ

- *ТУРСУНОВА ШЕКЕРГУЛ САГДУЛЛАЕВНА*
- *КАЙРКЕНОВА ЖАЗИРА ТАУБАЕВНА*
- *КАРАБЕКОВА ЛАЗИЗА УСЕРБАЕВНА*
- *БЕКМУРАТОВА ЖАНАТ КЕНСЕБЕКОВНА*
- *ШУАНОВА САТТЫГҰЛ ОРАЗАЛИҚЫЗЫ*
- *МАМРАЙМОВА АҚМАРАЛ ЕСИРКЕПОВНА*
- *КУАНТАЕВА ГУЛЬНУР АХМЕТАЛИЕВНА*
- *ТАЗАБЕКОВА ИНДИРА НИЯТБЕКОВНА*
- *ТУЛЕУОВА ҚҰРАЛАЙ БАЙТЕНҚЫЗЫ*
- *ДОНБАЕВА БАҚЫТ ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ*